**"Қостанай облысы бойынша 2010 жылы жекешелендіруге жататын коммуналдық меншіктегі объектілердің тізбесін бекіту туралы" әкімдіктің 2010 жылғы 12 ақпандағы № 62 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 11 мамырдағы № 183 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 8 маусымдағы № 3718 тіркелді. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы әкімі аппараты басшысының 2011 жылғы 23 маусымдағы № 08 -10/1744 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы әкімі аппараты басшысының 2011.06.23 № 08-10/1744 хатымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қостанай облысы бойынша 2010 жылы жекешелендіруге жататын коммуналдық меншіктегі объектілердің тізбесін бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 12 ақпандағы № 62 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3706 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 12 наурыздағы "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі С. Кулагин*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" ММ бастығы*

*_____________ С. Аймұхамбетова*

*"Қостанай облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар*

*басқармасы" ММ бастығы*
*_________ Ш. Жакитова*

Әкімдіктің
2010 жылғы 11 мамырдағы
№ 183 қаулысына қосымша

## Қостанай облысы бойынша 2010 жылы жекешелендіруге жататын коммуналдық меншіктегі объектілердің тізбесі

| Р/с № | Объектінің атауы | Объектінің мекенжайы және баланс ұстаушысы | Негіздемі | Объектінің ахуалы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 41. | "ГАЗ-2705 44" автомашинасы, мемлекеттік нөмірі Р 296 АО, 2001 жылы шығарылған | Қостанай қаласы, красносельская көшесі, 20, "Ақыл-есі кеміс балаларға арналған Қостанай интернат-үйі" ММ | "Қостанай облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" ММ бастығының 2010 жылғы 8 сәуірдегі № 07-614 хаты | Техникалық бұзылған |
| 42. | "ГАЗ-3110" автомашинасы, мемлекеттік нөмірі Р 169 СВ, 1998 жылы шығарылған | Таран ауданы, Таран селосы, Калинин көшесі, 64, "Таран ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ | Қостанай облысы Таран ауданы әкімінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 4-08/1388 хаты | Техникалық бұзылған |
| 43. | Жалпы ауданы 861, 3 шаршы метр бұрынғы ресторан ғимараты | Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл селосы, Абай көшесі, 63, "Ұзынкөл ауданы | Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімінің 2010 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | әкімінің аппараты" ММ | жылғы 5 сәуірдегі № 430 хаты | Қирауға ұшырауда |
| 44. | Жалпы ауданы 154, 4 шаршы метр бөлім Апанов селолық кітапхана ғимаратының бөлігі | Таран ауданы, Апан селосы, Центральная көшесі, 10, Таран ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі "Таран аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі" ММ | Қостанай облысы Таран ауданы әкімінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі № -08/563 хаты | Жағдайы қанағатта-нарлықсыз |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК